

Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне өзгерістер енгізу және Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 14 қарашадағы № 165 шешімі

Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың 35 және 48-тармақтарына сәйкес (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа тіркелген № 7-қосымша) Еуразиялық экономикалық комиссиясының алқасы **шешті**:

1. 2015 жылғы 21 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының № 30 "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" шешіміне тіркелген № 3-қосымшаның 3-тармағындағы, № 4-қосымшаның 3-тармағындағы, № 5-қосымшаның 3-тармағының бірінші абзацындағы, № 6-қосымшаның 3-тармағындағы, № 7-қосымшаның 4-тармағының бірінші абзацындағы, № 8-қосымшаның 3-тармағындағы, № 9-қосымшаның 5-тармағының бірінші абзацындағы, № 10-қосымшаның 3-тармағындағы, № 11-қосымшаның 3-тармағының бірінші абзацындағы, № 12-қосымшаның 2-тармағының бірінші абзацындағы, № 14-қосымшаның 5- тармағындағы, № 15-қосымшаның 4-тармағындағы, № 16-қосымшаның 4-тармағындағы, № 18-қосымшаның 3-тармағындағы, № 19-қосымшаның 3-тармағының бірінші абзацындағы және № 20-қосымшаның 4-тармағының бірінші абзацындағы "Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешімімен бекітілген " Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына лицензия беруге өтінішті ресімдеу туралы және осындай лицензияны ресімдеу туралы нұсқаулықпен" деген сөздер, "Тауарлардың жекелеген түрлерін экспорттауға немесе импорттауға лицензиялар беруге өтініштерді ресімдеу және осындай лицензияларды ресімдеу жөніндегі нұсқаулықпен" деген сөздермен ауыстырылсын (Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2023 жылғы 24 қарашадағы № 125 шешімімен бекітілген Үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген тауарлардың экспортына және (немесе) импортына лицензиялар мен рұқсаттар беру қағидаларына тіркелген № 1 қосымша)".

2. Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының қосымшасына сәйкес тізбе бойынша шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді, бірақ Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2023 жылғы 24 қарашадағы "Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары

қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген тауарлардың экспортына және (немесе) импортына лицензиялар мен рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" № 125 шешімі күшіне енген күннен ерте емес."

*Еуразиялық экономикалық комиссиясы
алқасы төрағасының
міндетін уақытша атқарушы*

В. Назаренко

Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасының
2023 жылғы 14 қарашадағы
№ 165 шешіміне
ҚОСЫМША

Күші жойылды деп танылған Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының шешімдерінің Тізбесі

1. Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 "Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына лицензия беру туралы өтінішті ресімдеу және осындай лицензияны ресімдеу туралы нұсқаулық туралы және Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына рұқсатты ресімдеу туралы нұсқаулық туралы" шешімі.

2. Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 250 "Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

3. Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2015 жылғы 16 маусымдағы № 66 "Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

4. Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 34 "Тарифтік емес реттеу шараларын қолдану туралы" шешімінің 1 және 2-тармақтары.

5. Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2019 жылғы 6 тамыздағы № 137 "Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағына әкелінетін ыстықтай илектелген прокатқа қатысты арнайы квота енгізу арқылы арнайы қорғау шарасын қолдану және Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімінің 4-тармағы.

6. Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 53 "Сербия Республикасынан шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына әкелінетін тауарлардың жекелеген түрлеріне қатысты 2021 жылға арналған тарифтік квоталар көлемін белгілеу туралы және Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы №199 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімінің 3-тармағы".

7. Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2022 жылғы 28 маусымдағы № 95 "Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссиясы

алқасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешіміне тіркелген қосымшаның 2-тармағы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК